

Мемлекеттік тілді жүзеге асыру.

1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы". Заңы, осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды зерделеу және дамыту үшін жағдай жасаудағы міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілдерге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының аумағында тілдердің қолданылуы Қазақстан Республикасы Конституциясының (негізгі Заңының) 7 және 93-баптарымен реттеледі.

"ҚР Тіл туралы" Заңының 4-бабына сәйкес, мектеп ұжымы мемлекеттік тілді дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға ықпал етеді: мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеру үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасайды: мектепте 3 қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті, лингафондық-мультимедиялық кабинет жұмыс істейді.

Мектепте орта білім беру орыс тілінде қамтамасыз етіледі. Қазақ тілі мен орыс тілі пәндері міндетті оқу пәндері болып табылып, негізгі және жалпы орта білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді.

1-11 сыныптар аралығында мектептің жұмыс оқу жоспарына сәйкес қазақ тілі оқытылады. Оқушыларды мемлекеттік тілді үйренуге қызықтыру үшін жыл сайын "Тілдер күнінде" конкурстар, викториналар, зияткерлік ойындар өткізіледі. Конституцияның 7 және 93-баптарын іске асыру мақсатында ҚР барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін барлық қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайлар жасау үшін, біздің мектепте қызметкерлер үшін Қазақ тілі үйірмесі ұйымдастырылды, үйірмеде оқытуды мұғалім Т.И. Шегібаев жүзеге асырады.

Педагогикалық кеңестің 2023 жылғы 29 тамыздағы №1 шешімімен әрбір сәрсенбі мемлекеттік тіл күні болып белгіленеді. Мектептің фойесінде мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында "Қазақ тілін үйренеміз" стенді ресімделеді, онда апта сайын ақпарат жаңартылып отырады. Сонымен қатар, 1-11 сынып оқушылары үшін қазақ тілін оқыту бойынша үйірмелер өткізіледі, бұл үйірмелер сенбіде өткізіледі.

Мектептегі барлық құжаттар екі тілде орыс және қазақ тілдерінде толтырылады. Мемлекеттік және орыс тілінен басқа, мектепте ағылшын тілінің оқыту жүргізіледі. Мектептің барлық оқушылары тілдерді меңгеру үшін оқулықтармен толық қамтамасыз етілген. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерін оқытудың тиімді сапасы үшін тіл мұғалімдері жаңа әдістемелік әдістер мен технологияларды енгізе отырып, әдістемелік тақырыппен және біліктілікті арттыру курстары арқылы кәсіби шеберлікті арттыру бойынша жұмыс істейді.

Тілдерді оқыту саласында педагогикалық тәжірибені насихаттау мақсатында пәндік апталар жоспарланған. Пәндік апта барысында Қазақ тілі әдістемелік бірлестігінің барлық мұғалімдері цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізеді. Оқу жылы бойы мұғалімдер жоғары оқу мотивациясы бар балаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізді. Әр сыныпта қазақ тілін үйренуде ерекше қабілеті бар оқушылар бар. Осы оқушылармен мақсатты жұмыс жүргізіледі. Оқушылардың қазақ тілін үйренуге деген ынтасын арттыру үшін мектеп педагогтары көп деңгейлі тапсырмаларды, жеке жұмыс түрлерін пайдаланады, сонымен қатар оқушылар зияткерлік марафондарды әзірлеуге және өткізуге тартылады. Мұғалімдер оқушылармен бірлесіп қашықтықтан олимпиадаларға, конкурстарға, Педагогикалық оқуларға, семинарлар мен конференцияларға қатысады. Әр оқу аптасы мектеп лездемесінде әнұранды орындаудан басталады.

Қос тілділік-бұқаралық іс-шараларды, мектептегі мерекелерді өткізудегі басты қағида.

Мектептің атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі. Ресми құжаттарда жеке есімдерді, әкесінің аттарын, тегін жазу ҚР заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келеді. Мектептің мөрі, мөртабаны және басқа да деректемелер

мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалған. Көрнекі ақпараттың барлық мәтіндері "ҚР Тілдер туралы" Заңның 21-бабына сәйкес орналастырылады, мектеп туралы ауызша ақпарат, хабарландырулар, жарнама мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі. Мектепте мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, жүзеге асырылды. Мектептің сайттыңда және Instagram парақшасындағы жарияланымдар мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі

Қорытынды: мектеп әкімшілігі "Тіл туралы" Заңның орындалуын үнемі бақылауды жүзеге асырады, оны бұзу фактілері қаралады және олар бойынша шешімдер қабылданады; педагогикалық ұжым "ҚР Тілдер туралы" Заңын орындау бойынша барлық ұсыныстарды орындайды.

Ұсыныстар: Мектеп әкімшілігі мен педагогтарына "ҚР Тілдер туралы" заң талаптарының орындалуын үнемі қамтамасыз ету